БЕКІТЕМІН
«Қ.Құлажанов ат. ҚазТБУ» ректоры
Л.К. Байболова
«06» 2025 ж.

САПА МЕНЕДЖМЕНТІ ЖҮЙЕСІ

ӨЗ ҮЛГІСІНДЕГІ БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ТОЛТЫРУ ЖӘНЕ ТАБЫСТАУ ЕРЕЖЕСІ
ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-10

КЕЛІСІЛДІ
АС жөніндегі проректор
Э.Б. Аскарбеков
«18» 06 2025 ж.

Астана, 2025

АЛҒЫСӨЗ

Осы Ережені «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ Тіркеу кеңсесі әзірледі.

Осы Ереже Ректордың титул парағында жеке қолымен бекітіледі.

Осы Ереже «Қ. Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ барлық ҚБ үшін олардың СМЖ-мен байланысты қызметі бөлігінде міндетті болып табылады.

Осы Ережеге мерзімді тексеруді Тіркеу кеңсесінің жетекшісі 3 жылдан аспайтын аралықта жүргізеді.

Құжатталған ақпаратты басқару процесінің нақты кезеңдерін орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыруға және үйлестіруге оқу процесіне қатысты құрылымдық бөлімшелер жауапты болады.

ПР 11-11.07-2022, 2024 жылғы 29 ақпандағы 4-редакциядағы нұсқасы ауыстырылып енгізілді.

МАЗМҰНЫ

1	Құжат атауы	4
2	Әзірлеуші	4
3	Құжаттың жасалу мақсаты	4
4	Нормативтік сілтемелер	4
5	Терминдер мен анықтамалар	5
6	Қолданылған қысқартулар	6
7	Жалпы ережелер	7
8	Білім туралы құжаттарды толтыруға қойылатын талаптар	7
9	Құжаттарды табыстау тәртібі	8
10	Жеке үлгідегі құжаттарға тапсырыс беру, сақтау, есепке алу және табыстау рәсімі	10
11	Білім туралы құжаттардың телнұсқаларын табыстау тәртібі	10
12	Жауапкершілік және өкілеттіктер	11
13	Құпиялылық	11
	Н.ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-10-01. Өз үлгісіндегі бакалавр дипломының үлгісі	12
	Н.ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-10-02 Өз үлгісіндегі магистр дипломының үлгісі	13
	Н.ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-10-03 Өз үлгісіндегі дипломға қосымшаның үш тілдегі үлгісі	14
	Н.ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-10-04 Магистр дипломына куәлік үлгісі	20
	Келісу парағы	21
	Танысу парағы	21
	Өзгерістерді тіркеу парағы	22
	Тексерулерді есепке алу парағы	22

1 ҚҰЖАТ АТАУЫ

Өз үлгісіндегі білім туралы құжаттарды толтыру және табыстау ережесі ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-10

2 ӘЗІРЛЕУШІ

Тіркеу кеңсесі

3 ҚҰЖАТТЫҢ ЖАСАЛУ МАҚСАТЫ

3.1 Осы «Өз үлгісіндегі білім туралы құжаттарды толтыру және табыстау ережесі» (бұдан әрі – Ереже) «Қ. Құлажанова атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» АҚ (бұдан әрі – Университет) түлектеріне қосымша (транскрипт) қоса берілген өз үлгісіндегі дипломдарды толтыру бойынша рәсімдерді жүргізу және құжаттарды ресімдеу тәртібін құқықтық қамтамасыз етуді реттейді..

3.2. Ереже оқу процесін ұйымдастыруды жүзеге асыратын университеттің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына және басқа да мүдделі тұлғаларға арналған.

3.3 Ереже университеттің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне басшылық етуге арналған университеттің ішкі нормативтік құжаты (бұдан әрі-ІНҚ) болып табылады.

4 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

4.1 ХС ISO 9001: 2015 Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.

4.2 ХС ISO 9000: 2015 Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер мен сөздік.

4.3 ХС ISO 37001:2016 Сыбайлас жемқорлыққа қарсы менеджмент жүйесі.

4.4 «Білім туралы» ҚР Заңы 27 шілде 2007 жыл №319-III (15.04.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістер және толықтырулармен).

4.5 Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңы (03.01.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.6 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы №595 бұйрығы заңы (24.06.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.7 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы (22.04.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.8 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығы (26.07.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.9 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі №152 бұйрығы (26.03.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.10 «Білім беру ұйымдарына қашықтықтан оқытуды ұсыну жөніндегі талаптарды және қашықтықтан оқыту бойынша және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы №137 бұйрығы (21.05.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.11 «Жоғары және (немесе) жоғары білімнен кейінгі білім беру білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы №391 бұйрығы (05.01.2024 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.12 «Шетелге, оның ішінде академиялық оралымдылық шеңберінде оқытуға жіберу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 19 қарашадағы №613 бұйрығы (31.03.2025 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.13 «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында ашықтық пен ашықтықты қамтамасыз ету жөніндегі Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 04 мамырдағы №174 бұйрығы.

4.14 «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 13 қазандағы № 569 бұйрығы (21.07.2023 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтырулармен).

4.15 «Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы №322 бірлескен бұйрығы.

5 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Термин	Анықтамалар
Академиялық кезең	Білім беру ұйымы үш нысанның (семестр, триместр, тоқсандық) бірінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі:
Академиялық қарыз	Білім берудің қорытынды бақылауы бойынша оқу пәні бойынша білім алушының қанағаттанарлықсыз қорытынды бағалануы немесе емтиханға келмеу нәтижесінде пайда болған берешегі
Академиялық күнтізбе (Academic Calendar)	Оқу жылы ішінде демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді)көрсете отырып, оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі
Академиялық сағат	Оқу сабақтарының немесе оқу жұмысының басқа түрлерінің көлемін өлшеу бірлігі, 1 академиялық сағат 50 минутқа тең, академиялық күнтізбені (оқу процесінің кестесін), оқу сабақтарының кестесін жасау кезінде, өткен оқу материалын жоспарлау және есепке алу кезінде, сондай-ақ педагогикалық жүктемені жоспарлау және оқытушының жұмысын есепке алу кезінде пайдаланылады
Оқу пәніне жазылу (Enrollment) (енролмент)	Білім алушылардың оқу пәніне жазылу процедурасы
Құжатталған ақпарат	Ұйымның басқарылуын және жұмыс күйінде болуын талап ететін ақпарат және ол қамтылған ақпарат құралы
Сыбайлас жемқорлық тәуекелі	Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі.
Кеңсе тіркеушісі	Білім алушының оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді

	қамтамасыз ететін академиялық қызмет
Бөлімше туралы ереже	Бөлімшенің орнын, мақсаты мен міндеттерін, оның функцияларын, ішкі құрылымын, құқықтары мен жауапкершілігін, сондай-ақ басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара іс-қимылды белгілейтін ұйымның нормативтік-құқықтық құжаты
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл	Қоғамның өз өкілеттіктері шегінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, оның ішінде қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және жою, сондай-ақ сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтау, жолын кесу, ашу және тергеу және олардың салдарын жою жөніндегі қызметі
Сапа менеджменті жүйесі	Сапаға бағытталған басқару жүйесінің бөлігі
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл менеджменті жүйесі	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға бағытталған менеджменттің бір бөлігі
Орташа балл (Grade point Average-GPA)	Таңдалған бағдарлама бойынша білім алушының бір оқу жылындағы оқу жетістіктерінің деңгейін орташа өлшенген бағалау (пәндер бойынша аралық аттестаттауды бағалау балдарының цифрлық баламасына кредиттер туындылары сомасының ағымдағы оқу кезеңіндегі кредиттердің жалпы санына қатынасы)
Құрылымдық бөлімше	Заңды тұлғаның ұйымдық-бөлінген бөлігі және оған жататын, олар үшін белгіленген еңбек міндеттерін орындайтын, оларға бекітілген функцияларды орындауға жауапты қызметкерлер
Транскрипт	Білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша кредиттер мен бағаларды көрсете отырып, тиісті оқу кезеңінде өткен пәндердің тізбесін қамтитын құжат.

6 ҚОЛДАНЫЛҒАН ҚЫСҚАРТУЛАР

Қысқартулар	Толық атауы
ҚР	Қазақстан Республикасы
Университет	«Қ.Құлажанов атындағы Қазақ технология және бизнес университеті» Акционерлік қоғамы
ҒЖБМ	Ғылым және жоғары білім министрлігі
ТК	Тіркеу кеңсесі
ААЖ	Автоматтандырылған ақпараттық жүйесі
ІНҚ	Ішкі нормативтік құжаттар
ҚБ	Құрылымдық бөлімшелер
АС	Академиялық сұрақтар
ІӘРЕ	Іс-әрекет реті туралы ереже
СҚжАБ	Сапаны басқару және аккредитация басқармасы
АТБ	Ақпараттық технологиялар басқармасы
ҚККБ	Құқық және кадрлық қызмет басқармасы
СЖҚІҚҚЕ	Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және құқықтық қамтамасыз ету бөлімі
ББББ	Білім беру бағдарламаларының басқармасы
ПББ	Персоналды басқару бөлімі

7 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қағидалар өз үлгісіндегі білім туралы құжаттардың бланкілерін толтыру және беру тәртібіне бірыңғай талаптарды белгілеу мақсатында әзірленді.

8 БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫ ТОЛТЫРУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1 Қорытынды аттестаттаудан өткен және жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламасын меңгергенін растаған білім алушыға аттестаттау комиссиясының шешімімен «бакалавр» немесе «магистр» дәрежесі немесе тиісті білім беру бағдарламасы бойынша маман біліктілігі беріледі және қосымшасы бар диплом тегін негізде табысталады.

8.2 Дипломға (транскриптке) қосымшада академиялық кредиттер мен сағаттарда олардың көлемін көрсете отырып, оқу және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстарының барлық түрлері бойынша бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша соңғы бағалар көрсетіледі.

8.3 Университет өз үлгісіндегі білім туралы құжаттарды толтыруға қойылатын нысандар мен талаптарды бекітеді.

8.4 Өз үлгісіндегі білім туралы құжаттар беру сәтінде қолданылып жүрген үлгідегі бланкілерде толтырылады және оған университет ректоры қол қояды.

8.5 Өз үлгісіндегі білім туралы құжаттарда деректерді автоматты сәйкестендіру және жинау технологиясы және (немесе) QR коды (өлшемі кемінде 3х3 см) қолданылады.

8.6 Дипломдарды, қосымшалар бланкілерін (транскрипт) толтыру қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде үш тілде баспа құрылғыларының көмегімен жүргізіледі.

8.7 Дипломдар келесідей толтырылады:

- оқуды аяқтаған ҚР азаматтары үшін «тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)» деген жолда жеке басын куәландыратын құжаттағы (не оны алмастыратын құжаттағы) жазбаға сәйкес толық жазылады;
- шетел азаматының «тегі, аты және әкесінің аты (бар болса)» жолында шетелдік паспорттың деректері бойынша жазылады;
- «білім беру ұйымының толық атауы» жолында оқу орнының, университеттің ресми атауы көрсетіледі;
- «мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды және атауы» жолында мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды, атауы көрсетіледі;
- «оқыту нысаны» жолында оқыту нысаны көрсетіледі.

8.8 Білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, білім беру бағдарламаларының пәндерінің 50%-дан астамын игерген кезде «оқыту нысаны» жолында «қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып» деп тиісті белгі көрсетіледі;

8.9 Бланкте берілетін құжаттың сериясы, нөмірі және QR коды, университет орналасқан қала, бланктің берілген күні: берілген бланкілерді тіркеу журналы бойынша бланкінің нөмірі (цифрмен), айы (жазбаша) және жылы (төрт таңбалы цифрмен) көрсетіледі. Өз үлгісіндегі білім туралы құжаттардың нөмірлері мен QR кодтары ғылым және жоғары білім саласындағы уәкілетті орган ұсынатын арнайы сервисте жасалады.

Жасалған нөмірлер мен QR кодтары жоқ жеке үлгідегі білім туралы құжаттар жарамсыз болып саналады.

8.10 Аттестаттау комиссиясы хаттамасының күні, нөмірі көрсетіледі.

8.11 Университет басшысының бланкілердегі қолдары қара пастасы бар шариктi қаламмен қойылады. Басып шығаруға арналған орынға университеттің мөрі қойылады.

8.12 Құжат нысанын толтырғаннан кейін оған енгізілген жазбалардың дәлдігі мен қатесіздігі мұқият тексерілуі тиіс. Қателермен жасалған құжат бүлінген болып саналады және ауыстыруға жатады.

8.13 Өз үлгісіндегі білім туралы құжаттарға қосымшалар үш тілде былайша толтырылады:

- тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық көрсетіледі;
- туған күні айы (цифры) және жылы (төрт таңбалы цифры) көрсетіле отырып жазылады;
- пәндердің атауы, академиялық кредиттердің саны – ECTS-пен.

8.14 Бағалау (әріптік баламада, баллмен және дәстүрлі (жазбаша)):

- «Қорытынды аттестаттау» жолында академиялық кредиттердің атауы, саны – ECTS-пен және бағасы (әріптік баламада, баллдарда және дәстүрлі (жазбаша)) көрсетіледі. Егер кешенді емтихан тапсырылса, онда кешенді емтиханға кіретін пәндердің атауы көрсетіледі және бір баға қойылады;
- «Білім туралы алдыңғы құжат» жолында осы адамның ЖЖОКБҰ-ға қабылдануына негіз болған білім туралы құжаттың атауы, құжаттың нөмірі және оның берілген жылы көрсетіледі. Егер білімі туралы алдыңғы құжат шетелде алынған жағдайда, оның атауы мемлекеттік, орыс және басқа тілдерге аудармада және осы құжат берілген елдің атауы көрсетіледі;
- «Оқуға түсті» және «Оқуды аяқтады» жолдарында тиісінше төрт таңбалы сандармен оқуға түскен жылы және оқуды аяқтаған жылы, сондай-ақ осы адам түскен оқу орнының толық атауы және осы адам бітірген ЖЖОКБҰ атауы көрсетіледі. Студент оқи алатын басқа ЖЖОКБҰ көрсетілмейді;
- «Игерілген академиялық кредиттердің жалпы саны – ECTS» жолында – кредиттердің саны сандармен көрсетіледі;
- «Оқытудың орташа өлшенген бағасы (GPA)» жолында – оқудың барлық кезеңіндегі орташа балл сандармен көрсетіледі;
- «Кәсіптік практика» жолында академиялық кредиттердің атауы, саны – ECTS және бағасы (әріптік баламада, баллдарда және дәстүрлі (жазбаша)) көрсетіледі;
- «Теориялық оқыту кредиттерінің саны» және «Теориялық оқыту ECTS кредиттерінің саны» жолында – теориялық оқыту кредиттерінің саны сандармен көрсетіледі;
- «Аттестаттау комиссиясының шешімімен» деген жолда хаттаманың нөмірі мен күні сандармен көрсетіледі;
- «Берілген (берілді)» жолында дәрежесі/біліктілігі көрсетіледі;
- «Мамандық және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша» жолында мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды мен атауы көрсетіледі;
- «Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі» жолында деңгей: бакалавриат үшін – 6, магистратура үшін – 7 сандарымен көрсетіледі;

8.15 «Оқу кезінде келесі пәндер бойынша сынақтарды, аралық және қорытынды емтихандарды тапсырды» деген бағанда ол оқыған барлық басқа ЖЖОКБҰ-да бұрын оқыған, белгіленген тәртіппен ЖЖОКБҰ қайта есептеген пәндер енгізіледі. Бұл ретте пәндер атауының жанында тиісті ескертпелермен олар оқыған барлық білім беру ұйымдары белгіленеді.

8.16 Өз үлгісіндегі білім туралы құжаттарға қосымшаларға университет ректоры қол қояды. Университеттің мөрі басып шығаруға арналған орынға қойылады

8.17 Дипломға қосымшасыз жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом жарамсыз.

9. ҚҰЖАТТАРДЫ ТАБЫСТАУ ТӘРТІБІ

9.1 Қорытынды аттестаттаудан өткенін куәландыратын және білім алушылардың тиісті білім деңгейін меңгергенін растайтын білім туралы құжаттардың түрлері өз үлгісіндегі жоғары /жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом болып табылады.

Өз үлгісіндегі білім туралы құжаттардың келесі сериялары бар:

- Бакалавр дәрежесі берілген жоғары білім туралы диплом – BD

- Магистр дәрежесі берілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – MD
- Магистр дипломына қуәлік – CMD

9.2 Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен білім алушыларға аттестаттау комиссиясының шешімімен «бакалавр» дәрежесі беріледі және осы ереженің 1-қосымшасына сәйкес жоғары білім туралы өз үлгісіндегі диплом қосымшасымен (транскриптпен) беріледі.

Магистратураның білім беру бағдарламасы бойынша оқуды аяқтаған және қорытынды аттестаттаудан сәтті өткен білім алушыларға аттестаттау комиссиясының шешімімен «магистр» дәрежесі беріледі және осы ереженің 2-қосымшасына сәйкес жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өз үлгісіндегі диплом қосымшасымен (транскриптпен) беріледі.

Педагогикалық бейіндегі пәндер циклі бойынша оқуды аяқтаған білім алушыларға куәлік беріледі.

9.3 Дипломға (транскриптке) қосымшада академиялық кредиттерде олардың көлемін көрсете отырып, оқу және (немесе) ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмыстарының барлық түрлері бойынша бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша бағалар көрсетіледі.

9.4 Қорытынды аттестаттау нәтижелері бойынша бітіруші кафедра бакалавриат пен магистратураның білім алушыларының тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) көрсетіп, университет ректоры қолымен білім беру бағдарламалары бойынша біліктілік беру туралы бұйрық шығару үшін ТК-ға қызметтік хат ұсынады.

9.5 Қорытынды аттестаттау комиссиясының шешімі өз үлгісіндегі дипломдарды беру үшін негіз болып табылады.

9.6 Білім туралы құжаттарды ресімдеуді ТК жүзеге асырады:

9.6.1 бакалавр (BD) дәрежесі берілген жоғары білім туралы дипломдар және дипломға қосымшалар үш тілде;

9.6.2 магистр (MD) дәрежесі берілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломдар және үш тілде қосымшалар;

9.6.3 магистр дипломына куәлік – CMD.

9.7 Білім туралы берілген құжаттардың көшірмелері университет мұрағатында білім алушылардың жеке істерінде сақталады.

9.8 Жеке үлгідегі құжаттар білім алушылардың өздеріне немесе жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткен кезде белгіленген тәртіппен ресімделген сенімхаты бар адамдарға беріледі.

9.9 Берілетін өз үлгісіндегі құжаттарды тіркеу үшін құжаттардың әрбір түрі бойынша журнал жүргізілуі тиіс, онда мынадай мәліметтер көрсетіледі:

- реттік тіркеу нөмірі;
- түлектің тегі, аты, әкесінің аты;
- білім беру бағдарламасы (мамандық);
- иемдену дәрежесі;
- дәреже берілген күн;
- жеке үлгідегі құжаттардың сериясы, нөмірі;
- берілген күні;
-университет ректорының қолы;
- алушының қолы.

10. ЖЕКЕ ҮЛГІДЕГІ ҚҰЖАТТАРҒА ТАПСЫРЫС БЕРУ, САҚТАУ, ЕСЕПКЕ АЛУ ЖӘНЕ ТАБЫСТАУ РӘСІМІ

10.1 Өз үлгісіндегі білім туралы құжаттар бланкілеріне қажеттілік ағымдағы жылдың 10 қарашасынан кешіктірмей күтілетін шығарылым бойынша деректер негізінде айқындалады. Қалыптастыру кезінде 10% қоры бар қажеттілік ескеріледі.

10.2 Білім туралы құжаттардың бланкілері университеттің Ғылыми кеңесінде өз үлгісінде бекітіледі

10.3 ҚРҰБ «Банкнот фабрикасымен» таралым жасасуға келісу ағымдағы жылдың 20 желтоқсанынан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

10.4 Жеке үлгідегі құжаттардың бланкілері арнайы қорғалған материалдарды қолдана отырып дайындалады.

10.5 Тиісті оқу жылында өз үлгісіндегі құжаттардың бланкілерін пайдалану туралы есепті материалдық жауапты тұлға ұсынады.

10.6 Өз үлгісіндегі пайдаланылған және пайдаланылмаған құжаттар бланкілерінің саны бланкілердің қозғалысы туралы актіде көрсетіледі.

10.7 Жұмыста пайдаланған кезде өз үлгісіндегі бланкілер бүлінген жағдайда бүлінген бланкілер бойынша есептен шығаруға акт жасалады.

11. БІЛІМ ТУРАЛЫ ҚҰЖАТТАРДЫҢ ТЕЛНҰСҚАЛАРЫН ТАБЫСТАУ ТӘРТІБІ

11.1 Дипломдардың және/немесе оларға қосымшалардың телнұсқалары жоғалған құжаттардың орнына беріледі.

11.2 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы мемлекеттік үлгідегі дипломның телнұсқасы 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін оқуын аяқтаған университет түлектеріне беріледі.

11.3 Жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы өтініштерді қабылдау және дипломдардың телнұсқаларын және оларға қосымшаларды беру «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» немесе «Электрондық үкімет» www.egov.kz веб-порталы арқылы жүзеге асырылады.

11.4 Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы құжаттардың телнұсқалары 2023 жылға дейін бітіргендерге тегін беріледі, 2024 жылы бітіргендерден бастап бекітілген тарифке сәйкес ақысын төлеу арқылы беріледі.

11.5 Құжаттардың телнұсқасы Мемлекеттік корпорацияға (ХҚКО) өтініш тіркелген күннен бастап күнтізбелік 15 күннен кешіктірілмей беріледі.

11.6 Білім туралы құжаттардың телнұсқалары телнұсқа беру туралы шешім қабылданған сәтте қолданылып жүрген үлгідегі бланкілерде беріледі және оларға университет ректоры қол қояды.

11.7 Құжаттың берілетін бланкісіне жоғарғы оң жақ бұрышта «№ _____түпнұсқаның орнына телнұсқа» деген мөртаңба қойылады.

11.8 Берілген телнұсқалардың көшірмелері бір данада түлектердің жеке ісінде университет мұрағатында белгіленген тәртіппен сақталуға тиіс.

12. ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖӘНЕ ӨКІЛЕТТІКТЕР

Бөлімше	Өкілеттіктер
Академиялық сұрақтар жөніндегі проректор	- осы ереже шеңберіндегі қызметті үйлестіру;
ТК, ББББ	- құжаттарда көрсетілген дұрыс мәліметтерді ұсыну; - бақылау даналарын тіркеу, ескі құжаттарды алу; - СМЖ құжатталған ақпаратын мұрағаттау; - білім туралы құжаттарды толтыру; - Diploma Supplement толтыру; - білім туралы өз үлгісіндегі құжаттарды беруді ұйымдастыру.

13 ҚҰПИЯЛЫЛЫҚ

Негізгі Ережелер «Қ.Құлажанов атындағы ҚазТБУ» АҚ ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сертификаттау аудитін жүргізу кезінде және басқа жағдайларда Университет ректорының рұқсатымен сертификаттау органдарының сарапшыларынан басқа тараптарға ұсынуға жатпайды.

Н.ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-10-01

Өз үлгісіндегі бакалавр дипломының үлгісі

_____

Аттестаттау комиссиясының _____ жылғы «_____» _____шешімімен (№_____ хаттама)

_____
(тегі,аты,әкесінің аты)

_____мамандығы және білім беру бағдарламасы бойынша
(білім беру бағдарламасының коды және атауы)

_____

БАКАЛАВРЫ дәрежесі беріледі

оқыту пысаны_____

Решением Аттестационной комиссии

_____

от «____» _____ года (протокол № _____)

_____
(фамилия, имя, отчество при наличии)

присуждена степень БАКАЛАВР

_____

по специальности и (или) образовательной программе _____
(код и наименование образовательной программы)

Форма обучения _____

By the decision of the Attestation Commission

_____

_____
(graduate's full name)

the degree of BACHELOR of

_____

on the specialty and (or) educational program_____

Form of training _____ / Date «_____» _____ (PROTOCOL NO. _____)

М.О.

Ректор_____ Тіркеу нөмірі_____ _____ жылғы «_____» _____ _____ к.

Н.ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-10-02

Өз үлгісіндегі магистр дипломының үлгісі

Аттестаттау комиссиясының ____ жылғы «____» _____ шешімімен (№_____ хаттама)

_____
(тегі,жеке аты)

_____ мамандығы және білім беру бағдарламасы бойынша
(білім алушының аты және атауы)

МАГИСТРІ дәрежесі берілді

Бағыты _____

Решением Аттестационной комиссии

_____

от «____» _____ года (протокол №_____)

_____
(фамилия, имя, отчество при наличии)

присуждена степень МАГИСТР

_____

по специальности и (или) образовательной программе _____
(тип и наименование образовательной программы)

Направление _____

By the decision of the Attestation Commission

_____

_____
(graduate's full name)

was awarded the degree of MASTER

on the specialty and (or) educational program _____

Type of program _____

М.О. Date «____» _____ (PROTOCOL NO. _____)

Ректор _____ Тіркеу нөмірі _____ _____ жылғы «____» _____ _____ қ.

Н.ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-10-03

Өз үлгісіндегі дипломға қосымшаның үш тілдегі үлгісі

ДИПЛОМА ПРИЛОЖЕНИЕ

1. Фамилия
2. Имя, отчество (при его наличии)
3. Дата рождения
4. Предыдущий документ об образовании
5. Вступительные испытания
6. Поступил(-а) в
7. Завершил (-а) обучение в
8. Общее число освоенных академических кредитов - ECTS
9. Средневзвешенная оценка (GPA) обучения
10. Профессиональная практика

Вид практики	Количество академических кредитов - ECTS	Оценка		
		буквенная	в баллах	традиционная

11. Итоговая аттестация

Наименование дисциплин государственных экзаменов	Количество академических кредитов - ECTS	Оценка		
		буквенная	в баллах	традиционная

12. Выполнение и защита

Тема дипломного проекта (работы) или диссертации	Количество академических кредитов - ECTS	Оценка		
		буквенная	в баллах	традиционная

13. Уровень соответствия Национальной рамки квалификаций:

Данный диплом дает право профессиональной деятельности в соответствии с уровнем высшего или послевузовского образования Республики Казахстан.

ПРИЛОЖЕНИЕ К ДИПЛОМУ (транскрипт)

№

Руководитель

М.П.

БЕЗ ДИПЛОМА ПРИЛОЖЕНИЕ НЕДЕЙСТВИТЕЛЬНО

БЕЗ ДИПЛОМА ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

14. Теоретическое обучение:

№	Код дисцип-лины	Наименование дисциплин	Количество академических кредитов - ECTS	Оценка		
				буквенная	в баллах	тради-ционная
1	2	3	4	5	6	7

15. Количество академических кредитов - ECTS теоретического обучения _____

16. Решением аттестационной комиссии (протокол № _____ от «____» _____ 20 ____ г.)

присуждена (присвоена) _____
(степень/квалификация)

по специальности и (или) образовательной программе _____

_____

* *в соответствии с Типовыми правилами деятельности организаций образования, реализующих образовательные программы высшего и (или) послевузовского образования, с 24 ноября 2018 года буквенная оценка «С+» приравнивается эквиваленту традиционной оценки «хорошо».*

БЕЗ ПРИЛОЖЕНИЯ ДИПЛОМА ПЕДАГОГИЧЕСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

NOT VALID DIPLOMA WITHOUT DIPLOMA

1. Last Name _____

2. First Name, Patronymic (if any) _____

_____

3. Date of birth _____

4. Previous educational background _____
(title, number of academic, date of issue)

_____

5. Entrance Examinations _____
(title, number of academic, date of issue)

_____

6. Enrolled _____
(higher education institution, year of entering)

7. Graduated _____
(higher education institution, graduation year)

8. Total number of academic credits earned, ECTS _____

9. Grade point average (GPA) _____

10. Professional internship

Internship type	Number of academic credits - ECTS	Grade		
		letter equivalence	numeric equivalence	traditional equivalence

11. Final attestation

Name of disciplines in state examination	Number of academic credits - ECTS	Grade		
		letter equivalence	numeric equivalence	traditional equivalence

12. Writing and defense _____
(title and grade in words of defense)

Theme of diploma project (work) or dissertation	Number of academic credits - ECTS	Grade		
		letter equivalence	numeric equivalence	traditional equivalence

13. Level of compliance with the National Qualification Framework _____
This diploma entitles its owner to perform professional activities in accordance with the graduate and post graduate education standards of the Republic of Kazakhstan.

_____
(name of higher education institution)

_____
(City)

SUPPLEMENT TO DIPLOMA
(Transcript)

№ _____

_____
(date of issue)

_____
(registration number)

Head

Stamp

NOT VALID WITHOUT DIPLOMA

NOT VALID WITHOUT DIPLOMA

14. Theoretical training:

№	Code of disciplines	Name of disciplines	Number of academic credits - ECTS	Grade		
				letter equivalence	numeric equivalence	traditional equivalence
1	2	3	4	5	6	7

15. Total number of academic credits - ECTS on theoretical training _____

16. By the Decision of the Attestation Commission (Minutes No._____ of «____» _____ _____)

_____was awarded

_____

on the specialty and (or) educational program_____

(degree / qualification)

_____

*Dated 24 November 2018 according to Type rules for educational organizations implementing educational programs of graduate and postgraduate education the letter grade «C+» is the equivalent to «Good» in the traditional system

NOT VALID WITHOUT DIPLOMA

ДИПЛОМНЫҢ ЖАРАМСЫЗ

1. Теті _____

2. Аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

_____

3. Туған күні _____

4. Білімі туралы алдыңғы құжат _____

_____

5. Түсу сынақтары _____

_____

6. Түсті _____

7. Бітірді _____

8. Жалпы игерілген академиялық кредиттердің саны - ECTS _____

9. Оқу нын орташа өлшемді бағасы (GPA) _____

10. Кәсіптік практика

Практиканың түрі	Академиялық кредиттердің саны - ECTS	Баға		
		әріптік	балдық	дәстүрлі

11. Қорытынды аттестаттау

Мемлекеттік емтихан пәндерінің атауы	Академиялық кредиттердің саны - ECTS	Баға		
		әріптік	балдық	дәстүрлі

12. _____ орындау және қорғау

Диплом жобасының (жұмысының) немесе диссертациянын тақырыбы	Академиялық кредиттердің саны - ECTS	Баға		
		әріптік	балдық	дәстүрлі

13. Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі: _____

Осы диплом Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейіне сайкес кәсіби қызмет етуге құқық береді.

_____
(лауазым)

_____
(қолы)

_____
(орының аты-жөні)

_____

_____
(күні)

ДИПЛОМҒА ҚОСЫМША
(транскрипт)

№ _____

_____
(берілген күні)

_____
(тіркеу нөмірі)

Басшы

М.О.

ДИПЛОМНЫҢ ЖАРАМСЫЗ

ДИПЛОМСЫЗ ЖАРАМСЫЗ

ДИПЛОМСЫЗ ЖАРАМСЫЗ

14. Теориялық оқу:

№	Пән коды	Пән атауы	Академиялық кредиттердің саны - ECTS	Баға		
				әріптік	балдық	дәстүрлі
1	2	3	4	5	6	7

15. Теориялық оқудың академиялық кредиттерінің саны -ECTS_____

16. Аттестаттау комиссиясының шешімімен («____»_____ 20 ____ ж, _____№_____ хаттама)

_____ мамандығы және

(немесе) білім беру бағдарламасы бойынша

_____

(берген ұйымның)

_____ тағайындалды (берілді)

* Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары қызметінің ұлттық қағидаларына сәйкес 2018 жылғы 24 қарашадан бастап оқытуға жүйедегі «С» бағасы дәстүрлі жүйе бойынша «Жақсы» бағасының балмаласы болып табылады.

Н.ҚазТБУ-ТК-ІӘРЕ-8.3/8.1-2025-10-04

Магистр дипломына куәлік үлгісі

магистр дипломына

КУӘЛІК

Осы куәлік _____

_____

мамандығы және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша бейіндік магистратураны бітірген _____

_____

Ол _____ жылғы «____» _____ бастап _____ жылғы «____» _____ аралығында _____

_____ мамандығы және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша педагогикалық бейіні пәндерінің циклын төмендегі академиялық көрсеткіштермен меңгерді:

№ р/с	Пәндердің атауы	Кредиттер саны	әріптік	балдық

және практикадан өтті:

Практиканың атауы	Кредиттер саны	әріптік	балдық

Осы куәлік ғылыми және педагогикалық қызметпен айналысуға құқық береді.

Басшы

М.О.

«____» _____ _____ж.

СВИДЕТЕЛЬСТВО

к диплому магистра

Настоящее свидетельство выдано _____

_____

окончившему(-ей) профильную магистратуру по специальности и (или) образовательной программе _____

_____

в том, что он (-а) освоил (-а) цикл дисциплин педагогического профиля в период с «____» _____ _____ года по «____» _____ года

_____

по специальности и (или) образовательной программе

_____

со следующими академическими показателями:

№ п/п	Наименование дисциплин	Число кредитов	буквенная	в баллах

и прошел(-а) практику:

Наименование практики	Число кредитов	буквенная	в баллах

Данное свидетельство дает право на занятие научной и педагогической деятельностью.

Руководитель

М.П.

«____» _____ _____г.

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-02
(міндетті)

КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Лауазымы	Аты-жөні	Күні	Қолы
АС жөніндегі проректор	Асқарбеков Э.Б.	18.06.2025	
ҚКҚБ жетекшісі	Зайнутдинов А.А.	18.06.2025	
СЖҚІҚҚЕ жетекшісі	Байузакова А.С.	18.06.2025	
СҚжАБ жетекшісі	Нурбаева М.З.	18.06.2025	
ТК жетекшісі	Сафуани Ж.Е.	18.06.2025	
БББББ жетекшісі	Баядилова Б.М.	18.06.2025	
АТБ жетекшісі	Айтмаганбетов А.Л.	18.06.2025	

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-03
(міндетті)

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Күні	Қолы

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-04
(міндетті)

ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

Өзгеріс номері	Өзгеріс жайында хабарлау номері	Беттердің номері (беттер)				Барлық беті (өзгерістен кейін)	Енгізу күні	Өзгерісті енгізген тұлғаның аты-жөні	Өзгерісті енгізген тұлғаның қолы
		өзгертілген	ауыстырылған	жаңа	жойылған				

Н.СҚжАБ-7.5-2025-05-05
(міндетті)

ПЕРИОДТЫ ТЕКСЕРУДІ ЕСЕПКЕ АЛУ ПАРАҒЫ

Тексеру күні	Тексеруді жүргізген тұлғаның аты-жөні	Тексеруді жүргізген тұлғаның қолы	Ескертулердің тұжырымдамасы